**Сұлтанғали САДЫРБАЕВ**

# МҰЗБАЛАҚ АҚЫН

Заманымыздың ұлы ақыны Жамбыл Жабаев Сүйінбайдың ұстаздық өнері үшін оған өзін қарыздармын деп санаған. Жәкеңнің қысқа өлеңдері, айтыстары, дастандары, көбінесе Сүйінбай атымен ашылады. Жәкең ұстазын ерекше жоғары қояды, оны «Сүйекең» деп, аса бір ізетпен, ілтипатпен атайды.

Сүйінбай мен Жамбылдың бесік жырын тыңдаған елі, шыққан тауы бір. Екеуінің арасында 31 жас қана ағалық, інілік уақыт өлшемі бар. Екеуі де он үш-он бес жастарында ақындықтың алғашқы әліппесін ашады. Сүйінбай Жамбылға ақындық тұмарын XIX ғасырдың 60-жылдары қадаған. Бұл Сүйінбайдың атақ-даңқы қырғыз, қазаққа түгелдей танылған кез еді.

Сүйінбай Аронұлы 1815 жылы қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарақыстақ селосының Бұлақ деген жерінде туған, 1898 жылы 83 жасында қайтыс болған. Сүйінбайдың арғы атасы Күсеп әрі ақын, әрі қобызшы болған. Күсептен – Арон. Ароннан – Сүйінбай; Сүйінбайдан – Малыбай, Бағыжан, Жетібай; Малыбайдан – Үкіжан, Тоғызбай, Садырбай, Дайырбай, Әуелбай, Кәдірбай.

Ақын ел арасында алпыс жылдан астам жырлаған. Сол көл-көсір ақындықтың інжу-маржандары Құлансаздың қиясында, кішісаздың бүркіт қонған ұясында, Ыстықкөлдің ақ көбік атқан толқындарында шашылып қала берген. Солардың біразын төкпей-шашпай, жинап-теріп, бізге жеткізіп берген Сүйекеңнің төл шәкірттері Жамбыл Жабаев, Үмбетәлі Кәрібаев, Әбдіғали Сариев сынды халық ақындары.

Жетісу өңірінде туған атақты екі ақынның өмір сүрен тарихи ортасы бір: халықтың экономикалық жағдайы, қазақ бай-феодалдарының кедейлерге көрсеткен зорлық-зомбылықтары т.т. Олардың би-болыстарға, ұлық-әкімдерге, хан-төрелерге айтқан ашулы, ащы сөздері, халықты елдікке, бірлікке насихаттаған нәзиралары, өмір туралы философиялық ойлары, өлең өрнектері сарындас, үндес болып келеді. Екеуін де Алатаудың ақиық, мұзбалақ сұңқарлары атайтынымыз содан.

Мәселен, Сүйінбай да, Жамбыл да XYIII ғасырда Жоңғар қалмақтарына соққы берген Өтегенді, XIX ғасырда Қоқан басқыншыларынан Жетісу жерін азат еткен Сұраншыны, Сыпатайды, Саурықты халықтың жарық жұлдыздары деп жырлайды. Жауға қарсы айқас-шайқастарда батырлардың ерлік істерін дәріптейтін дастандарды Сүйінбай да, Жамбыл да жырлаған.

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы сұлу сөздері
Маған тартқан сыйындай, -

деп, ыстық жүрегінен Жәкең ұстазы Сүйінбайға арнау өлең шығаруы тегін емес.

- «Сұраншы батырды» да, «Өтеген батырды» да бірінші жырлаған мен емес,

Сүйінбай дейтін еді Жәкең, - дейді академик-жазушы Сәбит Мұқанов 1946 жылғы Жамбылдың толық жинағына жазған алғы сөзінде. Жамбыл Жабаевтың «Сұраншы батыр» жырының беташарында Сүйінбай туралы былай делінген:

Бата берген Сүйінбай,
Жырдың тіккен туындай.
Айтқан маған ақылды,
«Жырла, - деген – батырды»
Ақындардың ақыны,
Айдын көлдей ақылы...

Сүйінбай мен Жамбыл туған өлкедегі Майтөбе жайлауында жайылған арқар мен еліктер Қарақыстақ суынан аяғын сілкіп шығып, Ыстықкөл жағасына барып жусайды екен. Қырғыз жомоқчулары[1] Манастың ұлы жорығын жырласа, Суықтөбенің баурайында қой күзеткен қойшы шалғайда отырып, ол да ұйып тыңдаған. Қырғыз эпосы «Манас», шығыстық «Шахнама», «Тотының тоқсан тарауы», «Көрұғлы» сияқты дүние жүзілік маңызы бар көркем шығармаларды ел арасына таратуда Сүйінбай мен Жамбылдың жыршылық еңбегі өте зор.

Өткен замандарда салдық, серілік, ақындық өнерді қуған адамның жеке басының тұрмыстық хал-ахуалы шамалы болғаны белгілі. Көптеген ақындар жағдайдың қысымына шыдай алмай, табиғи өнерді амалсыздан күнделікті күйбеңнің көлеңкесіне түсіріп жіберген, ақындықты базар ермегіне айналдырған. Ал Сүйінбай мен Жамбыл болса, ауыл үйдің түтінін аңдып, өлең айтқан ұсақ ақын емес, ірі, парасатты ақын.

Заман, заман дегенде,
Заманға қожа адам ғой.
Наразы болсаң заманға,
Бар кінаны соған қой! –

[1] Жомақчу – «Манас» жырын жатқа айтушылар.

дейді көреген ақындар. Заманды шексіз билеп-төстеп, ойына келгенін істеген үстем тап өкілдерінің кінасын Сүйінбай жасқанбай айтқан. «Тілеуберді болысқа» деген өлеңін алалық:

Желбуаз жігіт екен жыртаңдаған,
Бұл заманның болысы күй таңдаған.
Көп ішінде көлбеңдеп көрінем деп,
Көрінгенге соқтығып тыртаңдаған...

Қоғамдық, әлеуметтік сарында осылай сөйлеу – ақынның әрбір өлеңінде ашық көрінеді.

Академик-жазушы М.Әуезов Сүйінбайдың айтыстағы үздік өнерін өте жоғары бағалаған. Оны «айтыс өнерінің алтын діңгегі» деп атаған. Әсіресе, Сүйінбайдың Тезек төреге айтқан өлеңдері тапқырлықты, батылдықты аңғартады. Жан адамды бетіне қаратпай, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болған Тезек төренің мінін бетіне бірінші айтқан – Сүйінбай.

Ел арасына жаман атымды жайып жүре ме деп қауіптенген Тезек төре Сүйінбайдың көңілін аулап, алдап, арбаған. Бірақ төренің іш есебін оңай аңғарған ақын:

Хан Тезек, атағыңа бас ұрмаймын,
Мен, бірақ, көргенімді жасырмаймын.
Шын дертім ұстап кетсе айнымалы,
Басымнан ұшқан құсты асырмаймын, -

деп, ақын асқақ сөйлейді. Асылы, шын ақын, халықтық ақын осылай айтса керек!

Сүйінбай өлеңдерінде дүние қуған пендешілік, кісіліктің парқын малмен өлшейтін бейшаралық, кедей сорлының жалғаздықтан көрген жаутаңкөздігі, мақтанның көбігінен өз суретін көруге құштар даңкеуде, «бармағыңды ұсынсаң, тырнағыңды суырып алатын» ақ сәлделі молдалар, жер дауын, жесір дауын қоздырып, арасынан пара алып, ел көзіне көсемсіп көрінетін екі жүзді билер мен зорлықшыл бектер қатал сыналады.

***

Сүйінбайдың балалық, жастық шағы байлардың қойын бағумен өткен. Мұны ақынның алғашқы өлеңдері мен Сүйінбай туралы басқа ақындардың өлеңдерінен аңғаруға болады.

Сүйінбай он жасында қалды жетім,
Жылаумен секпіл басқан екі бетін.
Жетімді жетілдіріп жүйрік еткен,
Алланың көрмеймісің құдіретін, -

деп басталады Тұрлыбайұлы Қожахмет ақынның бір өлеңі. Немесе «Түс» деген өлеңінде Сүйінбайдың өзі де Шойбек байдың қойын бағып, көрген қорлығын айта келіп:

Мен бақтым қозыңда да, қойыңды да,
Бірқабат сегітпеді бойымды да.
Болса да ұлы думан, күнде қызық,
Сен маған көрсетпедің тойыңды да, -

дейді.

Атақты, ұлы ақындардың өмірбаянында түс көру, өлең айтып ояну секілді жайттар кездесе береді. Мысалы, «Манас» жырын алты ай айтушы Тыныбек түсінде Манасты көреді, қолынан дәм татады. Ояна кетсе – көмейі толған көл-көсір өлең. Ал, түркмен халқының «Неджап-оғлан» шығармасы мен Мұрын жырау айтатын «Қырымның қырық батырында» және ағылшынның әйгілі жыршысы Кэдман туралы да осы тектес таңғажайып хикаялар бар. Сол секілді Сүйінбай да ақындықты түс көруден бастайды. Оны түсіндіруге болмайтын құбылыс па деп, жаратылыстың қарапайым көрінісінен әрірек әкетеді.

Атыңнан айналайын қызыр бабам,
Түсімде таңға жуық келді маған.
Білмеймін «өлең» деді, «көген» деді,
Сайрауық құстар келіп төнді маған...

Бұдан жүз алпыс жыл бұрын дүниеге келген Сүйінбайдың өсуі, ер жетуі өскен ортасынан, қоғамдық дамудан тысқары, үзік тұрған жоқ. Оның да тәрбие көрген ауыл-аймағы, шыққан тегі бар. Әдетте ел арасында әзіл ретінде айтылса да:

Екейде елу бақсы, сексен ақын,
Жаратын мінеді екен ерттеп атын.
Қобызы, домбырасы үнін қосып,
Гулейді жын қаққандай кешке жақын, -

деген өлең астарында шындықтың нышаны бар.

Елуінші жылдары М.Әуезов университет студенттеріне ақындар айтысы туралы лекция оқып тұрып, жоғарыдағы өлеңді мысалға келтіргені есімізде:

- Рас сөз, Алматы облысы, Жамбыл ауданына бара қалсаң, екі-екіден

отыра қалып, қырманда, шабындықтың басында, мал баққан үйде, әлі де ұстасып, айтыса кетуге құмар халық...

Міне, Сүйінбай сол елдің бесігінде әңгіме, хикаяларды тыңдап, айтыса жүріп өсті. Содан болар, Сүйінбай тауды да, тасты да, аңды да адамша сөйлетеді.

Сүйінбай өлеңдері, көбінесе, белгілі бір себептерге байланысты басталады да, соңында әлеуметтік, қоғамдық қайшылықтардың бет пердесі ашылып жатады. Әсіресе, адамдар ара-қатынасында үлкен орын алатын татулық, бірлік мәселесі ақынның арнауларынан бастап, айтыстарына дейін лейтмотив ретінде келеді.

XIX ғасырдың бас кезінде ру тартысының кесірінен Екей руы іштей ыдырап, бір тобы Талдықорған өңіріне, біразы Оңтүстік аймаққа қоныс аударған. Соларды туған жеріне жинап, топтап, қайта қоныстандыруда Сүйінбай мен елдің бас ие адамы Сарыбай көп еңбек еткен. Осындай алауыздықты айыптаған Сүйінбай:

Руға бөлінген соң үшеу ара,
Мықтылар жеке шықты бізден дара, -

деп шенейді.

Ақын жек көргенін жасырып, ешкімге ешуақытта көлгірсіген емес. Бір халықтың ел болып өмір сүруі – оның ішкі бірлігінде, саяси-әлеуметтік күштілігі – татулығында, достық, тұтастығында деп дұрыс түсінген.

Сүйінбайдың арқа сүйейтін, табынатын бір қалаулысы бар, ол – бұқара халық. Соны пір тұтады, соның күшіне иланады, сенеді. Ақын халық деген ұғымға жалпылама қарамайды, оны екі жікке, екі топқа бөліп қарайды. Бірі – батырлар мен шешендерді туғызушы, қолына құрық алып, мал бағушы еңбек иелері де, екіншісі – дүниедегі игілік атаулының бәрі тәңірдің әмірімен бізге берілген, былайғы еңбекшіл жұрт менің рахатым дейтұғын шынжыр балақ, шұбар төстер деп білген.

Сүйінбай дарыны әралуан, көп қырлы: ол – суырып салма, айтыстың үздік өнерпазы, сын-сықақтың шебері, ірі дастаншыл, шешен де тапқыр ақын. Сондықтан бай болсын, бағлан болсын, Сүйінбайдан сескенген, одан ығып, жасқанып жүрген.

Сүйінбайдың хан-төрелерге айтатын өлеңдері ереуілшіл ақын Махамбет жырларымен үндес болып келеді.

Ала-шұбар, қайшылығы көп феодалдық қоғамдық құрылыс заңдарымен Сүйінбай келіспейді. Оның ар-ұжданы ойда, қырда үздіксіз өтіп жатқан алакөз айлакерлікке, жатып ішер жалқаулыққа, қаскөй қаталдыққа, самарқау салғырттыққа, томаға тұйық надандыққа қарсы бағытталады.

Ақын билерге, датқаларға, бай болыстарға арнаған өлеңдерінде қарапайым халық тағдырына қиянат жасап отырған кертартпа күштерді қатал сынайды. Сүйінбай сыны найзағайдай жарқ-жұрқ етеді.

Кей тұста ақын қоғамдық құрылысқа ішкі қарсылығын күрсіну, өкіну, наз-нала ретінде де білдіреді. Ол ойларын бейнелеу, астарлау, жұмбақтау тәсілінде береді. Ақынның күйініш-сүйініші қара басының қамы емес, Махамбет айтқандай, «Қара қазан, сары баланың» несібесі үшін. Сол себепті, ақынның құлақ күйінен бесіктегі баланың іңгәлаған даусы естіледі; қолынан найза түспеген батырдың бейнесі елестейді. Бала – бесікте, батыр – күзетте. Ел, ел боламын десең, жұрт, жұрт боламын десең, жүк артына жасырынба, қырғи алдындағы бозторғайдай болма; қолыңа қылыш ал, басыңа дулыға ки! Қаһарлан, жауыңды жазбай таны! Оның алдында қыз сәукелесін киіп сызылма, қысылсаң да, қиналсаң да, көзіңе жас алма! Міне, Сүйінбайдың ақындық мұраты – ерлік пен батырлық, елдік пен адамгершілік, бұқараның мұң-мүддесі.

Сүйінбай айтқан өлеңді, Сүйінбай айтқан жырды Алатаусұңқарының қанат суылынан, Балқаш көлінің толқын тербелісінен, Іле өзенінің асау, албырт ағынынан естиміз. Сүйінбай жыры – мәңгі жыр, елді, ерді рухтандыратын отты жыр. Ол ешуақытта сөнбейді, алаулап, жалындай береді.

**1975**

*Мына басылым бойынша дайындалып берілді: Сүйінбай Аронұлы. Ақиық. Толғаулар, сын-сықақтар, айтыстар / Құрастырған және ғылыми редакциясын қараған: Сұлтанғали Садырбаев пен Есберген Естаев. – Алматы: Жазушы, 1976. - 5-9-беттер.*